

Ақтөбе қаласы №49 ЖОББМ 2023-2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық Кеңесінің мектеп әкімшілігімен бірлескен отырысының жылдық

### Хаттамасы

22 .05.2024 жыл.

Отырысты өткізу нысаны: 5

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы мектептің, оқу – тәрбие жұмысының және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша мектеп директоры А.А.Абжанованың жылдық есебі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Абжанова сөйледі:

**Биылғы оқу жылында оқушылар контингенті 883 оқушымен аяқтап отырмыз, Оның ішінде 474 ер бала, 409 қыз бала.**

**Барлық мұғалім саны – 70, жоғары санат – 0, I санат- 2, II санат – 2, санаты жоқ – 21, педагог шебер – 1, педагог зерттеуші – 18, педагог сарапшы – 13, педагог модератор – 13 , 70 %.**

**Пән мұғалімдері 67, жоғары білімді – 63, арнаулы орта – 4, - 93% .**

II санат – 2, санаты жоқ – 21, педагог шебер – 1, педагог зерттеуші – 18, педагог сарапшы – 13, педагог модератор – 13, - 73,1 %.

Барлық оқушы саны 883, МАД – 81, барлығы – 964. 1-4 кластар – 369, 5-9 кластар – 411, 10-11 кластар – 103. I ауысым: 452, II ауысым 431.

**Барлығы – 33 комплект. 9 класс – 3, оқушы саны – 75. 11 класс – 2, оқушы саны – 54. «Алтын белгі» - 1 оқушы. Үздік аттестат 11 класс – 9 оқушы, Үздік аттестат 9 класс – 10 оқушы. 2023-2024 оқу жылы бойынша: Үздіктер – 168, Екпінділер – 310. Білім сапасы: 60 %. Оқушы саны: 2021 – 2022 жылы – 738, 2022-2023 жылы – 831, 2023-2024 жылы – 883.**

"№49 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ бойынша

Жергілікті бюджеттен коммунальнійға 5385.0 берілді. Оның ішінде

Казтрансгазге- 2002.2тенге

Актобээнергоснаб-1400.3 тенге

Ақбұлақ - 1982.5 тенге

Интернет пен телефон - 2000.0

Аз қамтылған отбасыға тамаққа - 10835.0

Сыртқы лагерге 20 балаға - 1390.0

Ішкі лагерге 30 балаға - 636.0

Республикалық бюджеттен мектепті қаржыландыруға 17450,0 мың қаражат бөлінді. 149 ерекшелігіне - 2000,0 қаржы бөлінді. дезинфекциялық құралдар, шаруашылық бұйымдар және құрылыс материалдары алынды және мектепті жарықпен қамтамасыз етті. 159 ерекшелігіне 8850.0 тенге бөлінді . Оның ішінде стенд, күзет бөлімі, дезинфекция, ТБО. ЖБО. парус, 1С программа, бейнебақылау, өрт дабылғысы , турникет жасалды. 414 ерекшелігі бойынша 6600,0 тенге бөлінді. құрал-саймандар, оның ішінде, Елтаңба, Принтер 5 дана, проектор, интерактивті тақта, шөп шабатын құрал, парта, орындық, тоқпеш.

Атқарылатын жұмыс. Жұмсалатын қаржы - 149 ерекшелік бойынша

- |   |  |         |
|---|--|---------|
| 1 | Спорт бұымдары (шахматы 5 дана, доп 10 дана)   | 300,0   |
| 2 | Хозтовары (мусорный пакет.перчатка, (рабоч.резин) белизна, хоз.сабын, ветош)   | 150,00  |
| 3 | Шаруашылық бұйымдар (газоно косилка 2 дана, лопата 5шт, темір шелек, сыпырғыш 5 дана , кусторез 1 дана, унитазға арналған кран 10шт, т.б.) | 150,00  |
| 4 | Кеңсе бұйымдары (бумага 100 дана , бор )   | 300,0   |
| 5 | Құрылыс заттары ( водозэмульсия 150 л, краска 20 л, )  | 100,0   |
| 6 | Электр заттары (лампа светодиодная) 200 дана   | 1000,00 |

Мектепке 2024 жылға "№49 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ бойынша. Жергілікті бюджеттен коммунальнійға 6 276 000.0 берілді. Оның ішінде - Казтрансгазге - 2252.2тенге. Актобееэнергоснаб - 1843.0 тенге

Ақбұлақ - 1331,0 тенге. Интернетпен телефон-2100.0

Аз қамтылған отбасынаа тамаққа - 40604,5

Сыртқы лагерге 20 балаға - 1350.0

Республикалық бюджеттен мектепті қаржыландыруға 39589,0 мың қаражат бөлінді. 149 ерекшелігіне - 4568,0 қаржы бөлінді, дезинфекциялық құралдар, шаруашылық бұйымдар және құрылыс материалдары, спорт құралдары алынды .

**Атқарылатын жұмыс, жұмсалатын қаржы 149 ерекшелік бойынша.**

- 1 Спорт бұйымдары 1276000
- 2 Хозтовары 800000 (мусорный пакет, перчатка, белизна, сабын)
- 3 Шаруашылық бұйымдар 1200000
- 4 Канцтовары (бумага 500 шт, бор) 698000
- 5 Құрылыс материалы (водоэмульсия 150 литр , краска 20 литр) 472000
- 6 Электр заттары (лампа светодиодная) 200шт 122000 - 4568000

**159 ерекшелігіне** 20 871 000.0 теңге бөлінді. Оның ішінде 11 968 000 мың теңгеге келісім шарт жасалды .

**159 ерекшелік бойынша 18988000**

1. Таза қала 185920
- 2 ЖБО 600000
- 3 пожарный 81746,56
- 4 бейнебақылау 78000
- 5 котел қызметі 73656,8
- 6 ГРПШ 54880
- 7 дезинфекция 67580,74
- 8 күзет 4066000
- 9 картридж 166880
- 10 пандус 1794642
- 11 фильтр ауыстыру 34000
- 12 домен 36000
- 13 шкаф металл 90шт 2453068,8

- 14 Білім ленд 392640,66  
15 Парус 1187400  
16 сайт 46000  
17 1С 648879,84 Барлығы: 11 968 000 - 8902984

**414 ерекшелігі бойынша** 14150,0,0 тенге бөлінді.лед экран акт залға, Елтаңба, интерактивт тақта - 3шт, парта – 60 шт, мектепті жылытуға пеш алу жоспарланып отыр.

Аз қамтылғандар саны - 36, көп балалы – 54, АӘК – 10, Жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған – 3, өгей әке – 11 оқушы әлеуметтік паспортқа тіркелді. 1-4 класс 369 оқушы, 5-9 кластарда 411 оқушы, 10-11 кластарда 103 оқушы класс және барлығы 33 класс комплект құрылып класс жетекшілер бекітілді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 398 бұйрығына сәйкес Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған барлық білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Сонымен қатар облыс бойынша 10 жоба енгізіліп іске асырылуда олар: 1. «Даналық мектебі», 2. «Тоғыз айға - тоғыз шара», 3. «Төрт тоқсанға – төрт өнер», 4. «Еңбегі адал жас өрен», 5. «Жеткіншектің жеті жарғысы» 6. «Балалар және театр», 7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»,8. «Ұлттық мектеп лигасы», 9. «Ұшқыр ой» дебат клубы, 10.«Еріктілер клубы» жобалары аясында планерлер құрылып жыл бойы жұмыстар атқарылды.

**2023/2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА** атаулы мерекелік даталарды тәрбие жылдық жоспарға қосылды.

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көбеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны

Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

1. Биылғы жылдың ерекшелігі білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі барысында мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жобасы аясында № 49 жалпы орта білім беретін мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» ұйытқы болуымен «Даналық мектебі» іс-шарасы ұйымдастырылды. Жалпы бұл өткізілген жиында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының негізгі мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым қатынасын күшейту, сондай ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту болып табылады. Аталған бағыттағы ілкімді шаралар мен келелі жиындар өткізіп келеді

**2023-2024 оқу жылында мектебімізде жалпы білім алушылар саны-872. 1-4 класс 360 оқушы, 5-11 класс 67 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.** Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. 1-5 сыныптар асханаға үшінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 5-11 сыныптар асханаға төртінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды. Тамақтану блогы түрі – асхана. Отыратын орындар саны 130 орын. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

Мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен

ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайындай жайлылық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

2023-2024 оқу жылы «Мектепке жол» акцияға «Халық» банк 10 оқушыға мектеп сөмкасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Жеке кәсіпкер 10 оқушыға оқу құралдарың сыйға тартты. Жеке кәсіпкер қорғаншылықтағы 3 оқушыға тоқсан сайын көмек беріп тұрды, спорттық киім, аяқ киім, қысқы құртеше. Жаңа жыл қарсаңында 8 оқушы Алматы ауданының шыршасымен қамтылды. Президент шыршасына 1 оқушы барды.

2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының жарты жылдық есебі.

Әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – мектебіміздегі жетім және жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушылар мен ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік қолдау және әлеуметтік зерттеу жұмыстары. Мектепте тамыз-желтоқсан айында әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында мектеп әлеуметтік паспорты жинақталды. Оқушылар жалпы саны-872; оның ішінде ұл бала саны – 467; қыз бала саны-405. Толық отбасы саны-643, ондағы бала саны-857; толық емес отбасы саны-7, ондағы бала саны-10, ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны-3, жартылай жетім -15, әкесі қайтыс болған-11, анасы қайтыс болған-4. Аз қамтылған отбасы -43 ондағы балалар саны-85. АӘК алатын отбасы -6, бала саны -10. Көп балалы отбасы -211, ондағы балалар саны -429. Өгей әкемен тұратын отбасы -7, балалар саны -7. Өгей анамен тұратын отбасы жоқ. Ерекше білімді қажет ететін балалар саны-1, үйден оқитын балалар-6. Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны-2. Тәуекел тобындағы намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы оқушылар саны -11.

Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде жалпы білім алушылар саны- 872. 1-4 класс 360 оқушы, 5-11 класс 67 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. 1-5 сыныптар асханаға үшінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 5-11 сыныптар асханаға төртінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Тамақтану блогы түрі – асхана, отыратын орындар саны 130 орын. Бракераж комиссия мүшелері бекітіліп. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді. Мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайындай жайлылық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу;



жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады. 2023-2024 оқу жылы «Мектепке жол» акцияға «Халық» банк 10 оқушыға мектеп сөмкасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Жеке кәсіпкер 10 оқушыға оқу құралдарың сыйға тартты. Жеке кәсіпкер қорғаншылықтағы 3 оқушыға тоқсан сайын көмек беріп тұрды, спорттық киім, аяқ киім, қысқы күртеше. Жаңа жыл қарсаңында 8 оқушы Алматы ауданының шыршасымен қамтылды. Президент шыршасына 1 оқушы барды. №49 жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметінің бір жылдық жұмыс талдауы

**Мектептің өзекті мақсатын негізге ала отырып, психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылды. Мектепте 883 оқушы білім алуда және 1-11 класс аралығында 33-класс комплект, 3 комплект МАД класы бар. (81-оқушы)**

Мектептегі психолог қызметінің негізгі мақсаты:

Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлға аралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Негізгі 6 бағыт:

1. Психодиагностикалық бағыт:
  2. Консультациялық бағыт:
  3. Ағарту және профилактикалық
  4. Түзету- дамытушылық бағыт:
  5. Диагностикалық бағыт бойынша
  6. Жыл бойынша психологиялық қызметтер туралы талдамалық есептер
1. Әдістемелік бағыт бойынша қыркүйек айында әр балаға диагностикалық әдістеме картотекасы дайындалды. Әр кластың тізімі жасақталды. Әр бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалды.

2. Диагностикалық бағыт бойынша: 8, 1, 5, 10 кластар бойынша бейімделуі туралы мәлімет.

Мақсаты: оқушылардың суицидке бейімділігін, ішкі мазасыздығын, депрессивті көңіл

күйін анықтау және алдын алу. Мектеп оқушыларын психологиялық диагностикалау бағыты бойынша. Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау мақсатында Басса Дарки сауалнамасы алынды. Қатысқандар 8-11 класс оқушылары, сауалнама нәтижесінен шыққан оқушылар саны -0 «DASS» сауалнамасы бойынша қатысқандар 8-11 класс оқушылар, нәтижелері бойынша мазасыздық, депрессия, стресс шкалалары жоғары шыққан оқушылар саны-0 212-оқушы (8-11 класс бойынша 13-ата-ана қарсы, 20-денсаулығына байланысты (212-33=179)

#### 8-11 класс оқушылары Басса-Дарки сауалнамасы

Орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында Лусканова әдістемесі жүргізілді. 10 класс оқушыларының бейімделуін анықтау мақсатында Лусканова әдістемесі жүргізілді. Кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.

«DASS» сауалнамасы бойынша қатысқандар 8-11 класс оқушылары

Мақсаты: депрессия, үрей және күйзеліс белгілерін анықтау.

«Филлипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті» алынды. Қатысқандар-5-6-7 «а»; «ә»; «б»; «в» класс оқушылар, сауалнама нәтижесінен шыққан оқушылар саны-0. 251-оқушы (5-6-7 класс бойынша 16-ата-ана қарсы, 11-денсаулығына байланысты (251-27=224)

Мұғалімдердің қарым-қатынасын жақсартуда тренингтер жүргізілді

Класс жетекшінің сұрауы бойынша оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар 1, 5, 10 класс оқушыларының мектепке бейімделуі анықталды. Орта буынға бейімделу мақсатында психологиялық-диагностикалық жұмыс жүргізілді. Диагностикалық тексерудің нәтижесі бойынша әр класс бойынша талдау жасалынды.

3. Психокоррекциялық және дамытушылық бағыт бойынша. 5 класс оқушылары арасында өткізілді. 5 класс оқушыларымен «Өрмекші торы» және «Мен және қызығушылығым тренингтері» ойындары жүргізілді. Қатысқаны 5 «а»; «ә»; «б»; «в» Мақсаты: Оқушылар арасындағы жақсы

қарым-қатынастың дамуына ықпал жасау. Балалар өз эмоцияларығн еркін көрсету. Өзара қатынастың ахуалын жақсарту.

5 - класс бойынша бейімделуді қалыптастыру жұмысы. Бастауыш буыннан орта буынға көшу мектептегі ең қиын педагогикалық проблема болып саналады және бейімделуге де ауыр кезең болып табылады.

Өткізген уақыт: I-ші тоқсан Қолданылған әдістеме: Лусканова әдістемесі, бақылау, қадағалау әдістемесі бойынша оқу мотивациясын анықтау сауалнамалар алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша 5-сынып бойынша тестке барлығы 98 оқушы қатысты. Орта буынға толық бейімделіп оқу мотивациясы 5 «А» класс бойынша тестке барлығы 24 оқушы қатысты. Оқушылар толық биімделіп оқу мотивациясы жоғары деңгейде 12-оқушы 50%, оқуға мотивациясы орта деңгейде 12-оқушы көрсетті 50% .5 «Ә»класс бойынша тестке барлығы 15 оқушы қатысты. Оқушылар жоғары деңгейде оқушылар саны: –14 оқушы 93% оқуға мотивациясы орта деңгейде 1 оқушы 7% . 5 «Б» класс бойынша тестке барлығы 22 оқушы қатысты. Оқушылар толық биімделіп оқу мотивациясы жоғары деңгейде – 13 оқушы 59% оқуға мотивациясы жақсы бейім 7-оқушы 32% ; 5 «В» класс бойынша тестке барлығы 15 оқушысы қатысты. Оқушылар толық биімделіп оқу мотивациясы жоғары деңгейде 5 оқушы 33% жоғары деңгейде, 10 оқушы 67% . Қорытынды: 10 «А» класс бойынша тестке барлығы 24 оқушы қатысты. Оқушылар толық биімделіп оқу мотивациясы жоғары деңгейде –2 оқушы 10%, оқуға мотивациясы орта деңгейде 20-оқушы 83% 10 «Ә» класс бойынша тестке барлығы 24 оқушы қатысты. Оқушылар толық биімделіп оқу мотивациясы жоғары деңгейде –13 оқушы жоғары деңгейде 54%, жақсы бейімделу деңгейі 6 оқушы 25%.1 кластар бойынша тоқталсақ: Биылғы 2022-2023 оқу жылы бойынша 1-ші класс 3 комплектісі бар. 1 класқа 86 оқушы қабылданды. 1 кластың бейімделу деңгейін анықтау мақсатында 1-сынып оқушыларына «Керн-Йирасектің ориентациялық тесті» бойынша 1«А»-28-оқушы; 1«Ә»-31-оқушы; 1«Б»-27-оқушы (1 «а»; «ә»; «б» кластар бойынша (8-ата-ана қарсы; 13-денсаулығына байланысты (86-21=65)

Мақсаты: Балалардың мектепте оқуға дайындығын анықтауға бағдар береді. Сонымен қатар оқуға аса қажетті саусақтардың нәзік қимылының үйлесімділігін, зейінді бағытты ұстауын және үлкендердің түсіндіргені бойынша баланың әрекеттерін ұйымдастыра алатындығы анықталады. Нүктелер тобын көшіріп орналастыру, жазу әріптерін көшіріп жазу тапсырмалары баланың үлгіге қарап, еліктей білу қабілетін тудырады.

1-сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау.1«А»; «Ә»; «Б» Жүргізілген әдістеме бойынша нәтижелері шығарылып, класс жетекшіге, ата-аналарға ұсыныс берілді. Төменгі көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді.

Қорытындысы бойынша бейімделген- оқушылардың нәтижесі шығарылып, инста парақшасына жүктелді. 1 класс оқушыларымен жоспарға сай түзету, дамыту бағыты бойынша оқушылардың есте сақтау қабілетін, зейін тұрақтылығын дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Оқушылардың мектепке дайындық деңгейін, танымдық қызығушылығын, ойлау әрекетінің даму деңгейін айқындау мақсатында 1 класс оқушыларына Керн-Йиарсек әдістемесі жүргізілді. Барлығы-86 оқушы 5-кластар барлығы 84-оқушы 5 «А»-22-оқушы; 5 «Ә» 20-оқушы; 5 «Б» 20-оқушы; 5 «В» 22-оқушы «Социометрия әдістемесі» жүргізілді. Кеңес беру бағыты бойынша -2 оқушыларға-2 кеңес берілді. Түзетушілік –дамытушылық бағыты бойынша мектептегі білім алатын оқушыларға аптасына 1 рет түзету-дамыту сабақтары жүргізіледі. 5 кластарға танымдық жаттығулар жүргізіліп келеді.1 кластарға психомоториканы дамыту жұмыстары жүргізілді. Психологиялық акция «Өрмекші торы» және «Мен және қызығушылығым тренингтері» ойындары жүргізілді. 5 кластарға, «Эмоциялық бояулар» Басса Дарки сауалнамасынан кейін топтық түзету-дамыту, «Филлипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті» Кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу бағытталған мотивациялық тренинг топтамалары жүргізілді 8-класс оқушылар арасында, 8-11 класс арасында психологиялық акция «Күпия дос» өткізілді. Оқушылар белсене қатысты. “Күпия дос” ойынның басты мақсаты – бір-бірімізге қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту болатын. Алдымен ойынға қатысушылардың есімдері жазылған жеребе тарқатылады. Сол жеребе бойынша түскен адамға, яғни өзіңіздің күпия досыңызға күн сайын сыйлықтарды, көмектерді жасырын күпия түрде жасау керек. Мейлі ол хат болсын, ол қолдан жасалған зат болсын, ол көмек болсын, жылы сөз бен тілек болсын, титтей болса да қуаныш сыйласа болғаны. Бір қызығы сіздің кімге сый жасап жүргеніңізді ешкім біліп қалмауы тиіс

9-11 класс аралығындағы кәсіптік бағдар беру жұмысы

9 класс оқушыларынан «Д.Ж.Голландтың» Кәсіби бағытын анықтау сауалнамасы алынды. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге

үлкен көңіл аударылады. Балаларға мамандық тандату оңай жұмыс емес. Бұл проблеманы зерттеушілер П.П. Блонский, Г.Н. Стычинский, В.А. Сухомлинский, Ю.П.Сокольник, Л.К.Кермов және олардың шәкірттері баланы жас кезінен болашақ мамандығын саналы түрде анықтауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар өз үлестерін қосуы керек екенін атап көрсеткен. Қазіргі кезде көптеген психологиялық зерттеу әдістемелері көмегімен баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеп, қай салада қызмет атқаруға икем екенін болжамдап беруге болады. Сонымен қатар коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу және барлық бағаланған қасиеттерді дамыту және қалыптастыру жолдары да анықталған. Мақсаты: жоғары сынып оқушыларын мамандықты таңдауға бағдарлау. Оқушылардың қандай кәсіпке бейімділігін, қызығушылығын байқау. Әрбір оқушының жеке қасиеттеріне байланысты сәйкес келетін мамандығын анықтау. Тест жұмыстарына 9 «А», «Ә», «Б» класс оқушылары қатысты. Қолданылған әдістемелер: Голланд әдістемесі (жеке қасиетін анықтайтын сауалнама)

Ата-аналармен жұмыс. Колледж лицей өкілдерімен кездесулер. Оқушылардың тест сұрақтарына жауап беру нәтижесі бойынша әрбір оқушының белгілі бір мамандықты, таңдағаны белгілі болды. Егер жоғары сынып оқушылары мектепті аяқтау алдында болашақ мамандығына аяқ басатын кезінде дұрыс бағдар алатын болса, олардың таңдауы сәтті болып келешекте елімізге жоғары кәсіби және өз кәсібін шын ниеттен жақсы көретін маман әкеледі. Сонымен қатар оқу барысында 9-10-11 класс оқушыларына Спилберг әдістемесі, Дж.Голланд әдістемесі жүргізіліп қорытындысы шығарылды. Жарты жыл барысында мектеп әкімшілігінің сұранысы бойынша жеке оқушылармен және жеке кластармен диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорытындылары мектеп әкімшілігіне тапсырылды. Ағарту-профилактикалық бағыт бойынша Балалардың психологиялық денсаулығы, ата-аналарға кеңес, менің психикалық денсаулығым 8-11 класс оқушыларына кеңес сабағы, «Қыздарға өнегелі тәрбие беру», лекция «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу», «Ата-аналарға жиналыс», «Бала қауіпсіздігі» ата-аналарға баяндама. Интернет қауіпсіздігі кибербуллинг және құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Буллинг баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» тақырыбында өткізілді.

4. Ұйымдастыру әдістемелік бағыт. Кеңес беру бағыты бойынша жас мамандарға да баланың орнықты психикалық қалпын сақтау кейбір баланың ортаға бейім екенін, олардың тұлғалық проблемалары, қорқыныш күйзеліске

бейімділігін ескеру керек екендігін айтылып кеңестер берілді. 1 және 5 класс ата-аналарына балалардың бейімделуі туралы «мектепке және орта буынға бейімделу мәселе бойынша ұсыныстар айтылды. Жоспарға сәйкес мектеп психологтары мен мектеп медбикесі Болатова Л.Б 02.04.2024ж күні 9-10 класс қыздарына «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында медицина қызметкерінің қатысуымен тәрбие сағаты өтті.

Тақырыбы: «Қыз бала тәрбиесі»

Мақсаты: Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу.

10.04.2024ж. Алматы ауданы №4 ҚІБ ЖІҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты А.Б.Құрықшы №49 жалпы орта білім беретін орта мектебімізде «Қылмыстың алдын-алу» тақырыбында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау мақсатында профилактикалық алдын-алу шарасы жүргізілді.

Сенім телефоны мен сенім жәшігіне келіп түскен хаттар бойынша мәліметтер түскен жоқ.

Коррекциялық жұмыс бойынша даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс. Биылғы оқу жылында инклюзивті білім алуда (1«а» класта 1-оқушы; 3«б»класта 1-оқушы; 5 «б» класта 1-оқушы; 6 «а» класта 1-оқушы, инклюзивті оқитындар) және 4-оқушы үйден оқытылуда (3«ә»-класта 1-оқушы; 3 «б» 1-оқушы; 4 «а» 1-оқушы; 8 «а» 1-оқушы, на дому оқитындар) анықталып оқушылардың мәлімет базасы жинақталды. Оқушымен жыл бойы жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың үйлеріне барып ата-анасымен, оқушымен байланыс жасалып отыр. Коррекциялық жұмыс бойынша даму мүмкіндігі шектеулі балалармен «Барлық әлем мен үшін» оқушылар арасында түзету, дамыту сабақтары, ойлау, зейін, қабылдау және кеңістік ұғымдарын қалыптастыру жаттығулары жүргізілді. 1-4 кластар Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. Ш-тоқсан бойынша жоспарға сай (Т.В.Артемяева) бұзылған телефон тренинг ойыны өткізілді.

Түзету дамыту жұмысы: «Бұзылған телефон»

Мақсаты: Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту

Нәтижесі: 4 «а», «ә», «б» класс оқушыларына түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқушылар түзету дамыту жұмыстарына барлық оқушылар қатысты. Берілген тапсырмаларды орындап, оқушылар өз ойларын ортаға

салып, ашық жеткізіп, тренинг шартын орындап шықты. Топтық жұмыс барысында ортаға қосыла алмай өзін жайсыз сезінген оқушылар болды.

Тренинг Мақсаты: Зейіннің тұрақтылығын, қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту

Нәтижесі: 1 «а», «ә», «б» класс оқушыларына түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқушылар түзету дамыту жұмыстарына барлық оқушылар қатысты. Берілген тапсырмаларды орындап, оқушылар өз ойларын ортаға салып, ашық жеткізіп, тренинг шартын орындап шықты.

«Бұзылған телефон» ойыны

Мақсаты: ойыншылар екі топқа бөлінеді. Екі топтың ойыншылары екі қатарға тұрып, қағаздарын алмастырады да, қатардағы ойыншыға береді. Бұйрық бергеннен кейін қағаздарын ашып оқып, қағазға жазылған сөзді бір-бірінің құлағына айтады. Дауыстап айтуға болмайды. Егер дауыстап айтып қойса, ол топ ұтылады. Қатардағы соңғы ойыншы естіген сөзін дауыстап айтады. Егер екі топта сөздерін дұрыс тапса, онда бірінші айтқан топ жеңіске жетеді. Бұзылған телефон ойыны оқушыларға қатты ұнады оқушылар жақсы әсерлерімен көңіл-күйелерімен өзара ойларымен бөлісті.

Балалардың бейімделуін қалыптастыру жұмысы:

Мақсаты: мектеп оқушыларына жан-жақты психологиялық көмек түрлерін (психодиагностика, психологиялық кеңес беру, психокоррекция, психопрофилактика) көрсету арқылы психологиялық денсаулығына жағдай жасау және жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу. Жалпы кластар бойынша жұмыс 2 «а»; «ә»; «б»; 3 «а» «ә»; «б»; 4 «а»; «ә»; «б» класс оқушыларының білімін дағдылауға және мектепке дайындығын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жасалды. Диагностикалық тексерудің нәтижесі бойынша әр класс бойынша талдау жасалынды.

1-4 класс оқушылары арасында «Жасырынып тұрған сөздерді тап» Сауалнамаға қатысқан жалпы оқушылар саны: 356-оқушы (1-4 класс бойынша 6-ата-ана қарсы, 28-денсаулығына байланысты, 1-на дому (356-35=321)

Мақсаты: Оқушының оқу процесінде зейін тұрақтылығын, логикалық ойлау қабілеттері мен есте сақтауы қабілеттерін қалыптастырып дамыту.

Нұсқаулық: «Балалар қазір сіздердің логикалық ойлау қабілеттеріңізбен есте сақтау қабілеттеріңізді қалыптастырып дамуларыңызды анықтауға арналған

1-2 класс оқушыларына 9- сөзден тұратын және 3-4 класс оқушыларына 22- сөзден тұратын сауалнамалар ұсынылады. Жасырынған сөздерді тауып дұрыс және бұрыс жауабын жазуға тырысыңыз, бұл жерде таблицаның ішінде және жанында жасырынып тұрған сөздердің дұрыс жауаптары толығымен көрсетілген. Жауап парағының жоғарғы жағына өз аты-жөніңізді және класыңызды жазыңыз.

№	Сыныбы:	жоғары	орташа	төмен
1	1 «А» 18-оқушы	63 %	5-оқушы 13%	1-оқушы 3%
2	1 «Ә» 12-оқушы	40%	17-оқушы 57%	
3	1 «Б» 4-оқушы	15%	13-оқушы 48%	4-оқушы 15%
4	2 «А» 15-оқушы	56%	11-оқушы 41%	1-оқушы 4%
5	2 «Ә» 17-оқушы	55%	1-оқушы 3%	
6	2 «Б» 16-оқушы	53%	4-оқушы 13%	6-оқушы 20%
7	3 «А» 19-оқушы	61%	4-оқушы 13%	1-оқушы 3%
8	3 «Ә» 28-оқушы	97%	1-оқушы 3%	
9	3 «Б» 23-оқушы	82%	1-оқушы 4%	
10	4 «А» 28-оқушы	90%	1-оқушы 3%	
11	4 «Ә» 23-оқушы	82%	3-оқушы 11%	
12	4 «Б» 22-оқушы	69%	2-оқушы 6%	

1 және 4-класс аралығында «Э.Ф.Замбацаевичение әдістемесі» танымдық процестерді зерттеу көріп және естіп есте сақтау, зейін ойлау сауалнамалары алынды. Суицидтің алдын-алу жолдары бойынша жүргізілген жұмыс. Жыл бойына суицидтің алдын алу мақсатында оқушылармен жұмыс жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың суицидке бейімділігін, ішкі мазасыздығын, депрессивті көңіл-күйін анықтау және алдын-алу. Оқу барысында оқушылармен «депрессиялық деңгейді анықтауға арналған тесті» бойынша диагностикалық жұмыс жасалды. 8-11 кластар арасында қорқыныш, стресс, депрессия, мазасыздықты анықтау барысында «DASS» сауалнамасы жүргізілді. Қорытынды бойынша психологиялық тұрғыдан жоғарғы депрессиялық деңгейдегі оқушылар анықталған жоқ. Сауалнамаға қатысқан жалпы оқушылар саны: 212-оқушы (8-11 класс бойынша 13-ата-ана қарсы,



20-денсаулығына байланысты (212-33=179). Жас мамандармен өзін-өзі дамытудың білік және дағдыларының қалыптасқан деңгейін, жас мамандардың жұмысқа бейімделудегі қиындықтарын анықтау мақсатында «Сіз қандай мұғалімсіз?» атты сауалнама алынды. Барлығы зерттеуге 10 жас маман қатысты. Жас мамандардың ұжымға бейімделу деңгейлері психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қалыпты деңгейде. Ұжымға бейімделе алмау мәселелері анықталған жоқ. Ұжым мүшелерінің жас мамандармен қарым-қатынасы жағымды.

Ағартушылық-профилактикалық бағыт бойынша. Психологиялық алдын алу бағыты бойынша 8-11 класс білім алушыларымен кеңес беру жұмыстары жалғастырылуда 8 класс оқушылары арасында бірін-бірі түсінуге, достық қарым-қатынасты нығайтуға «Қарым-қатынаста агрессияны болдырмау жолдары» тақырыбында тренингтер жүргізілді. II-тоқсан бойынша жоспарға сай «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «жеткіншектің жеті жарғысы» аясында мектебіміздің 9-11 класс оқушылары «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог маманы Искаков Медет Нұрлыбекұлымен және Қоғам белсендісі Садық Әлішермен кездесу ұйымдастырылды. Диагностика бойынша 4-класс оқушыларынан Біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбацаевичене әдістемесі) Танымдық процестерді зерттеу (көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау)

Тақырыбы: (Э.Ф.Замбацаевичене әдістемесі) танымдық процестерді зерттеу көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау) Қатысқан жалпы оқушылар саны: 97 оқушы (4-класс бойынша 7-денсаулығына байланысты (97-7=90)

Мақсаты: зияткерлік даму деңгейін анықтау

№ Сыныбы Интеллектуалды даму деңгейі Қабылдау қабілеті Ойлау қабілеті Зейін қабілеті Естіп есте сақтау әдіст

1-тапс 2-тапс

1 4 «а» жоғ-22 79%

орт-5 18%

төм-1 4% жоғ-22 9%

орт-4 14%

төм-2 7% жоғ-26 93%

орт-1 4%

төм-1 4% жоғ-27 96%

төм-1 4% жоғ-26 93%

орт-1 4%

төм-1 4% жоғ-25 89%

орт-3 11%

2 4 «ә» жоғ-30 97%

орт-1 3%

жоғ-25 81%

орт-4 13%

төм-1 3% жоғ-31 100% жоғ-21 68% орт-3 10%

төм-7 23% жоғ-30 97%

орт-1 3% жоғ-31 100%

3 4 «б» жоғ-24 73%

орт-4 12%

төм-3 10% жоғ-22 67%

орт-9 27%

төм-1 3%

жоғ-28 85%

орт-1 3%

төм-2 7% жоғ-18 55%

орт-6 18%

төм-7 21% жоғ-27 82%

орт-3 10%

төм-1 3%

жоғ-27 82%

орт-3 10%

төм-1 3

Түзету дамыту жұмысы бойынша ата-аналармен, білім алушылармен және топтық жеке жұмыстары ұйымдастырылды. Түзету дамыту жұмыстары 5, 10 кластарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында 11 класс білім алушылармен Түзету дамыту жұмыстары 5,10 кластарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында,

11 «А»; «Ә» класс білім алушыларымен ҰБТ-ке психологиялық дайындау, «ҰБТ мотивация» тақырыбында психологиялық тренинг жаттығуларын жүргізілді.

Мақсаты: Болашақ түлектерге жағымды көңіл-күй орнату, бойындағы стресті жеңу, топ ұйымшылдығын арттыру.

Психологиялық қызмет бойынша «Кибербуллингтің зардабы» тақырыбында шаралар «Жеткіншектің жеті жарғысы бойынша (анонимды жүргізілген) сауалнама. 14 желтоқсан 2023-жылы мектебімізде 9-11-сыныптар аралығында «Анонимдік әлеуметтік (социологиялық)» сауалнама Мектеп психологтары мен мектеп оқушылары. «Кибербуллингтің зардабы» тақырыбында шаралар «Жеткіншектің жеті жарғысы» бойынша (анонимды жүргізілген) сауалнамалар алу. Әрбір сұрақты зейін қойып оқыңыз. Жауаптардың берілген нұсқаларымен танысыңыз, содан соң олардың ішінен қажеттісін тандап алыңыз да оның астын сызыңыз. Сауалнамада көрсетілген (ұсынылған) жауаптардың нұсқаларының ешқайсысы сізді қанағаттандырмаса, өз жауабыңызды жазыңыз. Сіздің жеке пікіріңізді құпия түрде сақтауға кепілдік береміз. Мақсаты: 9-11 сынып оқушыларынан буллинг және кибербуллинг жайында анонимді түрде сауалнама алу» Сонымен қатар мектеп оқушылары арасындағы сіздің класта, топта зорлық-зомбылық әрекеттері болды ма? (мазақтау, келеке ету, дөрекі сөздер немесе әрекеттер) бойынша сауалнамалар алу. Нәтижесі: 9-11 сынып оқушыларына «Кибербуллингтің зардабы» тақырыбында буллинг туралы ақпараттар беріліп, интер белсенді тақтадан слайдтар мен видеороликтер көрсетілді. Оқушылардан берілген ақпараттарды меңгергеруін бақылау

мақсатында кері-байланыс жасалды. Сұрақтар қойылып жауаптар алынды.  
11 класс білім алушыларын ҰБТ-ке психологиялық дайындау

Оқушыларын ҰБТ-ға дайындау кезінде бойындағы стресс, ішкі қобалжу, қорқыныш сезімдерін реттеу және өз-өздеріне сенім ұялату мақсатында жоспарлы түрде тренинг-сабақтар жүргізілді. Тренинг сабаққа 11 «а»; 11 «ә» сынып оқушылары қатыстырылды.

Мақсаты: 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындау кезінде оқушыларды өзінің мінез-құлқын және эмоцияларын басқара алуын үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу, агрессия сезімдерімен күресе білуге үйрету.

Міндеттері: Өзіне сенімді болуға баулу. Стресті жеңуге жол көрсету;

Эмоционалдық күйзеліс сезімінен арылуға көмектесетін әдістермен таныстыру; «Амандасу;» Жаттығу барысы: қазір біз өте тез қимылдайтын ойын ойнаймыз. Ең алдымен барлығымыз бөлме ішінде үнсіз қалыпта қозғалысқа түсеміз. Мен шапалақ соғу арқылы белгі берген кезде өте шапшаң қимылмен бір-бірлеріңізбен амандасуларыңыз қажет. Қалай амандасу керек екенін мен айтып тұрамын. Әр кезде әр түрлі адаммен амандасу қажет. Ендеше бастайық, көзбен амандасу, қолмен амандасу..., иықпен..., құлақпен..., тіземен..., арқамен.

Талдау:

Жаттығу сіздерге ұнады ма? сәлемдесу әдісі қанша уақыт та ойлап табылды?

Сәлемдесу әдісінің идеясын топтан кім ұсынды? Бір-біріңізге өзгеше сәлем берген кезде нені сезіндіңіздер?

Класта барлығы (11«а»; 11«ә») 54-оқушы. Жүргізілді:сұрақ-жауап, тренинг, сауалнама, пікір алмасу. Барысы: Оқушылармен алдағы ҰБТ, бойдағы қорқыныш стрестен арылу, дайындық барысы, алға қойған мақсат, міндет жайында пікір алмасып, сұрақтарға жауаптар берілді. Оқушыларға тренинг соңында пікір алмасу мақсатында төмендегі сұрақтар қойылды: ҰБТ-ке дайынмын деп санайсыз ба? Қазіргі кезде бойындағы қорқыныш қандай? Қандай мамандыққа баруды жоспарлап жүрсіз? Нәтижесінде көпшілік оқушы ата-ананың үмітін ақтай алмай қаламын ба деген ой, қорқыныштары жоқ. Кей оқушылар ҰБТ-ны әлі сезінбегендіктерін дәлелдеді.

«Стакан мұнара» тұрғызу ойыны ойнатылды

Мақсаты: Болашақ мектеп түлектерінің бойындағы мазасыздық қобалжу деңгейін түсіру. Өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, стрессті жеңуге жол көрсету.

### Шарлар жаттығуы

Міндеті: стрессті жеңуге жол көрсету, эмоционалдық күйзеліс сезімінен арылуға көмектесетін әдістермен таныстыру;

Жаттығу сипаттамасы: Мен сіздерге шар үруді ұсынамын. Мына үрілген шарды-адам, ал ішіндегі ауаны-ашу мен түршігу деп елестетіндер. Ашуланып, тітіркеніп жүрген адам байсалды салмақты бола алады ма? ашу кернеп, түршігу шардың ішін толтырғанда шар қандай күйге ұшырайды? (әрине, кішкене балалар болса-шар жарылар еді, өйткені олар әлі өз ашуын құрықтауға шамасы келмейді: біреуді ұрып жіберу, айқай шығару) Үлкендер өз эмоциясын қолында белгілі бір уақытқа дейін ғана ұстай алады. Сол уақытта шарларыңызды жіберіп қалыңыз, біздің не істейтінімізді сонда көресіз (ситуациядан шығу жолдарын іздейміз, біреулер соңында депрессияға ұшырауы мүмкін. Ашуды осылай шығару қауіпсіз болуы мүмкін бе? Неліктен?

Шарды қайтадан үрлейміз, ауа сыртқа шықпайтындай етіп мықтап ұстаймыз.

Біз ашуымызды бақылап қолда ұстай алатын болсақ ешкімге зиянымызды тигізбейміз.

Ал енді шардың кішкене ауа шығарып, қайтадан мықтап ұстаймыз. Сіздер байқадыңыздар ма шардың кішірейгенін? Ашуды осылай шығару қауіпсіз деп есептеуге бола ма? өздеріңіздің ашуды ақылға қалай жеңдірсеңдер, сол уақытта бір-бірімізге деген қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік туатынын ұмытпайық.!

Оқушыларға мотивация беріліп, алдағы уақтта Айтылған кеңестер мен жаднамалар оқушыларға пайдасы тиеді деген сенімдеміз

Жоспардан тыс: 17 сәуір мектебімізде «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында мектебіміздің 9-11 класс оқушылары Ақтөбе қаласы ПБ Алматы ауданы 4 ҚПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты А.Елубаев, ЖППБ командирі полиция майоры М.Есенжоловпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың түнгі мезгілде жүруі, нашақорлықты тарату оны пайдалану тағы да басқа құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыбында мәселелері қарастырылды.

Жоспардан тыс: 07.11.2023 жылы 4-кларстарға ББЖМ (МОДО) бойынша түсіндірме жұмыстары және қорқыныштарын басу мақсатында психологиялық тренинг өткізілді.

Қорыта келгенде, жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыс: жоспарға сай жүзеге асты. Саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде мектеп психологтары өз үлестерін қосады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасының жоспарына сәйкес «Мектеп пен отбасы сабақтастығы» тақырыбында сабақтар өткізілді. «Әрбір бала- жарық жұлды» және «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер» тақырыптарында әр баланың ерекшелігін ашуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі туралы мәселелеріне тоқталды. Сабақтың мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру. Іс-шара барысында ата-аналар арасында «Микрофон әдісі» арқылы тартысты пікірталас болып, психологиялық тренинг өткізілді. Оқушыларымыз ән шырқап қонақтарға жақсы көңіл күй сыйлады. Психологиялық қызмет бойынша жоспарға сай «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «жеткіншектің жеті жарғысы» аясында мектебіміздің 9-10 класс оқушылары Ақтөбе қалалық дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының маманы теолог Абдырашов Ақжол Жұмабайұлымен кездесу өтті.

Психологиялық қызмет бойынша жоспарға сай «Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар» мен жүргізілетін жұмыстар сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы оқушының есте сақтау қабілетін білімін дамыту. Әдістеме: баланың зейін тұрақтылығын анықтау және дамыту «Графикалық сызба суретті бастырып салу» Тақырыбы: Сызба. Нәрсеге қарап сурет салу. Өз бетімен жұмыс. Нұсқау: «Суретші суреттің бір ғана бөлігін салды, екінші бөлігін салуға үлгермеді. Суретті аяқта, есінде болсын, суреттің екінші жартысы дәл бірінші жартысындай болуы керек»

Мақсаты: Баланың зейін тұрақтылығын анықтау және дамыту сызба сызықтар арқылы бейнені ұқсата білу. Штрих арқылы затқа көлем беру. баланың шығармашылығын бейнелеу түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан — жақты жетілдіру. Дамытушылық оқушылардың көру, бейнелі ойлау қабілеттерін дамыту; шығармашылық ойлау қабілетін, ой-

қиялын арттыру, өзінің жеке жобаларын қорғауға, топпен жұмыс істеуге үйретеді. Алдағы оқу жылына мақсат:

- Оқушылардың әлеуметтік психологиялық жеке ерекшеліктерін зерттеу.
  - «Суицидтің» алдын-алу жолдары бойынша жұмыстар.
  - Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
  - Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
  - Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
  - Психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
  - Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету; “Оқуға құштар мектеп” жобасы бойынша атқарылған жұмыстар есебі \қысқаша\.
- Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп кітап оқуды насихаттайды. Мағыналы сөздерден кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі кітап оқу екенін түсінеміз. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Бұл жоба оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған жоба болып саналады. Біздің мектепте де «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектепішілік жоспар құрылып, жұмыс жүргізіліп, жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында өткізілген іс-шаралар инстаграм парақшасында үздіксіз жарияланып отырады. №49 ЖББОМ кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, журналист Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған «Ұлттың ұлы тұлғасы» атты танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: 1. Оқушыларға детектив жанрының көшбасшысы, ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру;  
2. Кемеңгер тұлғаның қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегі туралы,

білімдерін толықтыра түсу; 3. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; 10"ә" сынып оқушысы Урдакулова Мадина " Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Республикалық челлендж бойынша Қ. Қайсеновтың " Жау тылындағы бала" кітабын оқып, қысқаша мазмұнын айта келіп, мектептің білім алушыларына оқуға жолдады.

"Тоғыз айға 9 іс-шара" жоспарына сәйкес " Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында қазақ әдебиетінің ақсұңқары- Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған "Сәкен- жырдың сарқылмас дариясы" атты танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Танымдық сағатына 5в сынып оқушылары қатысып, ақынның өмір жолы, шығармалары туралы кең көлемде мағлұматтар алып, поэзиясын жарыса оқыды.

Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, халық қаһарманы, партизан жазушы- Қасым Қайсеновке арналған " Қазақтың қайсар- Қасымы" атты танымдық сағатын өткізді. Шараға 5-7 сынып оқушылары қатысып, Ұлы Отан соғысында талай батырлық көрсеткен даңқты партизан- жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысты. Халық қаһарманы жайлы түсірілген бейнероликтер көрсетіліп, үлгі алар тағылымы жайлы айтылып, оқушылар жазушыға арналған өлең жолдарын оқыды. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іс жүзіне асыра отырып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, саламатты, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр білім алушыларды үнемі кітап оқуға шақырамыз.

Қамқоршылық кеңесінің кеңес мүшелерімен және мектеп әкімшілігімен кеңейтілген отырысы аяқтала келе төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектеп директорының жылдық есебі есепке алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



А.А.Қожайұлы.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:

Б.Н.Оразымбетова.